



Автор: Жұманбек Айгерім Батырбекқызы
Пән: Математика
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Шамалар және олардың бірліктері
Тақырып: Уақыт. Уақыт өлшем бірліктері

Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	2.1.3.3 шамалар мәндерін :ұзындық /см,дм,м/ масса /кг,ц/ көлем/ сыйымдылық/ л/ уақыт/сағ,мин,ай,жыл/ өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау 2.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау : сағат және минут
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: Уақыт өлшем бірліктерін(сағат,минут, ай, жыл) олардың арақатынасын негізінде ауыстырады, күнтізбе бойынша датаны есептеу, берілген күндер саны және берілген даталар арасындағы күндер саны арқылы күнтізбе құра біледі. Көпшілігі: Сағаттағы уақыт көрсеткішін оқиды және өздігінен секундқа дейін дәлдікпен сағатта уақытты белгілей алады. Кейбір оқушылар: Күнтізбелер мен сағаттардың сан алуан түрлерін біледі, әртүрлі сағат түрлері жұмысының қағидатын түсіндіреді.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Орындалатын амалдарды, ауызша есептеулерді түсіндіреді. Сабақта диалог/ жазу үшін пайдаланатын сөйлемдер. Талқылау. -Күнтізбе жасау үшін қандай білім керек? - Әр айда неше күн бар? - Аптада неше күн бар? - Ағымдағы ай аптаның қай күнінен басталады? Жазу. Апта күндері, ай күндері, екі таңбалы сандар, шамалар. .

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы (5 минут)	Психологиялық тренинг (Ұ) Қоңыраудың сиқырлы, Естіледі сыңғыры Достар , бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді. 4 жыл мезгілі арқылы топқа біріктіру «Жыл мезгілдері» - Уақыт дегеніміз не? - Уақытты көруге, естуге, ұстауға бола ма? - Ол бар ма? (Бізді қоршаған әлемдегі барлық оқиғалар уақыт!) Уақыт әрқашан қозғалыста. Ол болмаса бірде-бір сәт болмайды, тоқтап қалады! - Уақыт қай бағытта жүреді? - Уақытты артқа бұруға, кідіртуге немесе тоқтатуға бола ма? - Уақыт қандай бірліктермен өлшенетінін кім біледі? - Барлығыңызға сағат сияқты құрал белгілі. Ол не үшін қажет екенін түсіндіре аламыз ба? Ендеше біздің бүгінгі тақырыбымыз «Уақыт. Уақыт бірліктері»	
Ортасы (23 минут)	Білу және түсіну - Бір жылда неше ай бар? - Ал бір айда неше күн? - Алайда ақпан-ерекше ай: ақпанда 28 тәулік, ал төрт жылда бір рет 29 тәулік болады. Ақпанда 29 тәулік болатын жылды кібісе жыл деп атаймыз. (МК,Т) Топтық жұмыс (постермен жұмыс) 1 топ- «Қаңтар ай күнтізбесі» 2 топ- «Апта» 3 топ- «12 ай аттарын рим цифрымен белгілеу және күн санын жазу» 4 топ- «Жыл мезгілдері» Тақтамен жұмыс.№2, 46 бет 1 сағ 7 мин= 67мин 3 апта=21күн 1 апта 2 күн= 9 күн 1 сағ 15 мин=75мин 1 жыл= 12ай 1 жыл Зай=15 ай 1 тәулік = 24 сағат 1 сағ 20 мин = 80мин Топпен жұмыс. № 4 47 бет А) Бірінші егіс – 200ц Екінші егіс – 300ц ? Үшінші егіс – 500ц Ш: 200+300+500=1000ц Ж: Барлығы 1000 центнер Ә) Барлығы – 1000 ц Бірінші – 200 ц Екінші егіс – 300 ц Үшінші - ? ц Ш: 1000-200-300=500 ц Ж: Үшінші алқапта 500 центнер	
Сергіту сәті (2 минут)	Сергіту сәті Дүйсенбіде доп ойнадым далада Сейсенбіде серуен құрдым қалада Сәрсенбіде сурет салдым сәндетіп Бейсенбіде би биледім әндетіп Жұма күні жидек тердім ағаштан Сенбі күні кино көрдім клубтан Жексенбіде үйде болдым дем алдым Осылайша өте шықты бір апта. .	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
аяғы (10 минут)	Жинақтау (Ө) Өзіндік жұмыс Тапсырма Ақиқат Жалған 1 жылда 9 ай 1 айда 30 күн 1 тәулікте 12 сағат Ақпан айында 31 күн 2 аптада 14 күн Бағалау. Өзін-өзі бағалау Кері байланыс: «Күн мен бұлт»	